## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 16 сәуір №199 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

### «Сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы №1279 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы №1279 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., №74, 1074-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-жолмен толықтырылсын:

«17. «Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамы.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН**

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 18 сәуір №204 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

### «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы №1266 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы №1266 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., №49, 626-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің құрамында:

мына:

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қызметтер департаментінің директоры, хатшы»

«Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі» деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаментінің директоры, хатшы»

«Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН**

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2019 жылғы 18 сәуірдегі №204 қаулысына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2005 жылғы 21 желтоқсандағы №1266 қаулысымен бекітілген*

**Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі туралы ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

2. Мүгедектердің құқықтарын іске асыру, олардың тыныс-тіршілігі мен қоғамға етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасау мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлеу Үйлестіру кеңесі қызметінің мақсаты болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы болып табылады.

5. Үйлестіру кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

**2-тарау. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері**

6. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеті:

1) «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2015 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

2) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

3) мүгедектерді әлеуметтік қорғау және олардың құқықтарын іске асыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, халықаралық және өзге де ұйымдармен, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

**3-тарау. Үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастыру**

7. Үйлестіру кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы №247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 18 сәуір №206 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 2017 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «В.В. Кондюрин атындағы» шекара заставасын қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол станцаларына, метрополитен станцаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы №281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 2017 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «В.В.Кондюрин атындағы» шекара заставасы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 2017 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Қасым Қайсенов атындағы» шекара заставасы болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 19 сәуір №213 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты, осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін және 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын 3-тармағын, осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 4-тармағының он екінші және он үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН**

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2019 жылғы 19 сәуірдегі №213 қаулысымен бекітілген*

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын лауазымды адамдар бойынша кадр мәселелерін шешу тетігін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі №784 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын саяси мемлекеттік қызметшілер мен өзге де лауазымды тұлғалар лауазымдарының тізбесінде:

мына:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы, «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ұлттық компаниясы», «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Есіл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Павлодар» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамдарының басқарма төрағалары | директорлар кеңестері | Облыстар, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының әкімдері | Премьер-Министрмен немесе оның тапсырмасы бойынша Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысымен |

»

деген жол алып тасталсын.

2. «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысында:

«ӘКК миссиясы, пайымы, мақсаттары және міндеттері» деген кіші бөлімде:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Инвесторларға үлескерлік қаржыландыру, активтермен қатысу, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландыру алу арқылы жобаларды іске асыруда жәрдемдесу.»;

«Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың мемлекеттік органдармен және даму институттарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері» деген кіші бөлімде:

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«ӘКК жобалары бойынша «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ басқа да мемлекеттік бағдарламалар арқылы мемлекеттік қолдау көрсетіледі.»;

он екінші бөлік алып тасталсын;

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«ӘКК мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша өңірлік операторлардың рөлін атқара алады және жергілікті деңгейде даму институттарының міндетін білдіре алады. Бұл тиісті нормативтік құқықтық актілерде және оператордың қызметін көрсету бойынша даму институттары және ӘКК жасасқан шарттарда көзделетін болады. Бұл ретте ӘКК-нің операторлық жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне бюджеттік бағдарламалар шеңберінде ақы төленеді.»;

«Тиімділікті бағалау» деген кіші бөлімде:

1-абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ӘКК қызметінің тиімділігін бағалауды ЖАО жүргізген ӘКК даму жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ мынадай тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес ЖАО жүзеге асырады:».

3. «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер аумағы шегінде республикалық және облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, сондай-ақ аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидаларын, сондай-ақ оның мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 қазандағы № 1055 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 58, 797-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидаларын, сондай-ақ оның мөлшерлемелерін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидалары;

2) сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидалары осы өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың сыртында ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы нақты орналастыруы негіз болып табылады.

Бұл ретте төлемақы төлеушілер сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру фактісі анықталған кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде хабарламасыз Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған мөлшерлемелер бойынша бір күнтізбелік ай ішінде төлемақы төлейді.

8. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлама жіберілген кезде төлемақы төлеушілер сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы сомасының жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына енгізілгенін растайтын құжатты қоса береді.

Төлемақы сомасы сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына төленеді.

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға 2-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2013 жылғы 4 қазандағы №1055 қаулысымен бекітілген*

**Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

1. Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жүзеге асырылатын тиісті күнтізбелік айдың бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшеріне қарай айқындалады.

2. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың сыртында ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері және оны орналастыру жағының ауданына қарай белгіленеді:

| Р/с № | Сыртқы (көрнекі) жарнаманың түрлері | Аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте, аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жерлерде және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бір тарапы үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, 2 ш.м-ге дейінгі сыртқы (көрнекі) жарнама | 0,5 |
| 2. | Лайтбокстар (сити-форматтағы) | 1 |
| 3. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, ауданы мынадай болатын сыртқы (көрнекі) жарнама: | |
| 3.1. | 2-ден 5 ш.м-ге дейін | 1 |
| 3.2. | 5-тен 10 ш.м-ге дейін | 2 |
| 3.3. | 10-нан 20 ш.м-ге дейін | 3 |
| 3.4. | 20-дан 30 ш.м-ге дейін | 5 |
| 3.5. | 30-дан 50 ш.м-ге дейін | 7 |
| 3.6. | 50-ден 70 ш.м-ге дейін | 12 |
| 3.7. | 70 ш.м-ден жоғары | 25 |
| 4. | Шатырүсті жарықты сыртқы (көрнекі) жарнама (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неонды әріптер): | |
| 4.1. | 30 ш.м-ге дейін | 6 |
| 4.2. | 30 ш.м-ден жоғары | 8 |
| 5. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, палаткалардағы, тенттердегі, шатырлардағы, бастырмалардағы, қалқа-шатырлардағы, тулардағы, жалаушалардағы, штандарттардағы, көше жиһаздарындағы (жабдықтарындағы) сыртқы (көрнекі) жарнама: | |
| 5.1. | 5 ш.м-ге дейін | 0 |
| 5.2. | 5-тен 10 ш.м-ге дейін | 0 |
| 5.3. | 10 ш.м-ден жоғары | 1 |
| 6. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, уақытша типтегі дүңгіршектердегі сыртқы (көрнекі) жарнама: | |
| 6.1. | 2 ш.м-ге дейін | 0 |
| 6.2. | 2-ден 5 ш.м-ге дейін | 0 |
| 6.3. | 5-тен 10 ш.м-ге дейін | 1 |
| 6.4. | 10 ш.м-ден жоғары | 2 |
| 7. | Жылжымалы жайма жарнама | 1 |
| 8. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын, ауданы мынадай сыртқы (көрнекі) жарнама: | |
| 8.1. | 20 ш.м-ге дейін | 3 |
| 8.2. | 20 ш.м-ден жоғары | 8 |
| 9. | Жүгіртпе жол арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнама | 1 |

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2013 жылғы 4 қазандағы №1055 қаулысымен бекітілген*

**Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы (бұдан әрі – төлемақы) белгілейді.

**2-тарау. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу тәртібі**

3. Төлемақы мөлшері төлемақы мөлшерлемелері және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың:

1) хабарламада көрсетілген;

2) сыртқы (көрнекі) жарнама хабарлама жіберілмей орналастырылған жағдайда, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың және ауданның жергілікті атқарушы органы белгілеген нақты мерзімі негізге алына отырып есептеледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама күнтізбелік бір айдан аз мерзімге орналастырылған кезде төлемақы мөлшері күнтізбелік бір ай үшін айқындалады.

4. Төлемақыны төлеу сыртқы (көрнекі) жарнаманы ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырған кезде республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ал сыртқы (көрнекі) жарнама хабарлама жіберілмей орналастырылған жағдайда облыстық маңызы бар қаланың және ауданның жергілікті атқарушы органдарының сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру туралы хабарламасы немесе мәліметі орналасқан кезде жүргізіледі.

5. Төлемақы сомасы сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың сыртында ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидалары осы өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың сыртында ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы сомасы ай сайын, ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.

Төленген төлемақы сомалары қайтаруға жатпайды.

Бұл ретте сыртқы (көрнекі) жарнама хабарлама негізінде орналастырылған жағдайда, жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы төлеу хабарлама жіберілгенге дейін жүргізілуге тиіс.

7. Тиісті хабарлама болмаған жағдайда жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына төлемақы сомасын өндіру және есепке салу үшін сыртқы (көрнекі) жарнаманы нақты орналастыруы негіз болып табылады.

Бұл ретте төлемақы төлеушілер сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру фактісі анықталған кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде хабарламасыз Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған мөлшерлемелер бойынша бір күнтізбелік ай ішінде төлемақы төлейді.

8. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлама жіберілген кезде төлемақы төлеушілер сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы сомасының жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына енгізілгенін растайтын құжатты қоса береді.

Төлемақы сомасы сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына төленеді.

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға 2-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2013 жылғы 4 қазандағы №1055 қаулысымен бекітілген*

**Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

1. Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жүзеге асырылатын тиісті күнтізбелік айдың бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшеріне қарай айқындалады.

2. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың сыртында ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері және оны орналастыру жағының ауданына қарай белгіленеді:

| Р/с № | Сыртқы (көрнекі) жарнаманың түрлері | Аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте, аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жерлерде және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бір тарапы үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, 2 ш.м-ге дейінгі сыртқы (көрнекі) жарнама | 0,5 |
| 2. | Лайтбокстар (сити-форматтағы) | 1 |
| 3. | Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, ауданы мынадай болатын сыртқы (көрнекі) жарнама: | |
| 3.1. | 2-ден 5 ш.м-ге

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 16 сәуір №26 Нұр-Сұлтан қаласы

### «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі №95 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі № 95 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12055 санымен тіркелген, 2015 жылғы 29 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық басқармалары шегінде архив анықтамарын және/немесе архив құжаттарының көшірмелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;»;

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық басқармалары шегінде мұрағат анықтамаларын және/немесе мұрағат құжаттарының көшірмелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамамен бекітілген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушы Б.АСЫЛОВ**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

*Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушысының 2019 жылғы 16 сәуір №26 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 27 шілдедегі №95 бұйрығына 2-қосымша*

### «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен және оның аумақтық органдарымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Құжаттарды қабылдау:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – портал).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

#### 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі:

1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға және порталға өткізген сәттен бастап –10 (он) күнтізбелік күн;

2) құжаттар топтамасын өткізу үшін барынша рұқсат етілетін күту мерзімі - 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетуге барынша рұқсат етілетін мерзім – 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру не осы мемлекеттік қызметтер стандартының 10-тармағымен көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жолданған сұрау салудың қаралу мәртебесі туралы ақпарат, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алатын күнді және алатын орнын көрсете отырып, ақпарат жолданады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ақысыз көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қосқанда, бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес 9.00-ден 20.00-ге дейін, түскі асқа үзіліссіз, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда;

Қабылдау «электрондық кезек» тәртібінде жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға рұқсат етіледі;

2) порталдың – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда;

3) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қосқанда, бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліспен 13.00-ден 14.30-қа дейін, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда.

9. Көрсетілетін қызметті алушыға немесе сенімхат бойынша оның өкіліне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру туралы өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

туыстарына қатысты ақпарат алғанда, туыстық дәрежесін куәландыратын құжаттар;

нотариуспен куәландырылған сенімхат – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының мүддесін басқа тұлға білдіргенде.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

2) порталға:

туыстарына қатысты ақпарат алу барысында туыстық дәрежесін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері салынған, көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік құпия сөзбен куәландырылған электрондық сұрау салу.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсеткенде, егер ол Қазақстан Республикасының басқа заңдарымен қарастырылмаса, ақпараттық жүйелерде сақталған, заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметті алуға жазбаша түрде көрсетілетін қызметті алушыдан келісім алады.

Дайын құжаттарды беру қолхаттың негізінде, көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатын немесе оның өкілі нотариуспен куәландырылған сенімхатты ұсынғанда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация анықтаманың қағаз жүзінде 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін көрсетілетін қызметті берушіге 2 (екі) ай ішінде әрі қарай сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар:

мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталған;

мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес, құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда негіз болып табылады. Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға қайта жүгінеді.

#### 3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекен-жайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша түрде, пошта немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жерінің мекен-жайы (мемлекеті, пошта индексі, облыс/аудан/елді мекен, көше/даңғыл/шағын аудан атауы, үй/пәтер нөмірі), байланыс нөмір телефоны көрсетіледі.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу оны қабылдау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысына, осы стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекен-жайлар мен телефондарға жөнелтіледі.

Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол, поштамен келіп түскен шағымның қабылдауын растау, оны тіркеу болып табылады (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Портал арқылы жүгінгенде шағымданудың тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414 және 8 800 080 7777 нөмір телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» портал арқылы жолдағанда шағымның қаралу жағдайы туралы ақпарат қол жетімді, көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу барысында ол жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымды қарау нәтижесі бойынша дәлелді жауап пошта байланысының көмегімен көрсетілетін қызметті алушыға жолданады немесе көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңселерінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына баға беретін және бақылау жасайтын уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына баға беретін және бақылау жасайтын уәкілетті органның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

#### 4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін есепке алғандағы өзге де талаптар

13. Тыныс-тіршілігін шектейтін, ағза функциясының тұрақты бұзылуынан денсаулығы нашарлаған көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қабылдауды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 нөміріне жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне шығумен Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мекенжайының орны интернет-ресурста орналасқан:

1) көрсетілетін қызметті беруші: www.pravstat.prokuror.kz, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорация: www.gov4c.kz.

15. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтері, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәртебесі және тәртібі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша анықтама қызметінің байланыс нөмір телефоны – 115. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сұрақтары бойынша Бірыңғай байланыс орталығының телефондары – 1414, 8 800 080 7777.

*«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша*

*Нысан*

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті басқармасының бастығына
_____
(Комитеттің аумақтық басқармасының көрсету керек)
көрсетілетін қызметті алушы _____
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
көрсетілетін қызметті алушының өкілі _____
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
_____
жеке басы куәлігінің деректері (паспорт)
құжаттың №_____
берілген күні_____
кіммен берілді_____
бірыңғай сәйкестендіру нөмірі:
_____
тұратын мекенжайы: _____
_____
байланыс телефоны _____

### Архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру туралы ӨТІНІШ

Сізден шетелге шығатын архивтік анықтама талап етілген маған менің туыстарыма қатысты архивтік анықтама, архивтік көшірме немесе архивтік жазба беруіңізді сұраймын:

1._____,_____,_____,
(туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ұлты)

19____туған _____
(қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы көрсету)
_____туды
(қоныс аударғанға дейін туған жері, тұрған жері)
Қоныс аударылды_____
(қала, село, аудан, облыс, өлке, республика көрсету)
және 19___жылы _____арнайы қоныстануға келді
(ауыл, колхоз, совхоз, ауданды көрсету)
_____
(арнайы қоныстану кезіндегі қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы және басқа да бар мәліметтерді көрсету)
_____
2. 19____туған _____
_____туды
(қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы көрсету)
_____
(қоныс аударғанға дейін туған жері, тұрған жері)
Қоныс аударылды _____
(қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы көрсету)
және 19___жылы _____
арнайы қоныстануға келді
_____
(арнайы қоныстану кезіндегі қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы
_____
және басқа да бар мәліметтерді көрсету)
3. 19____туған _____
_____туды
(қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы көрсету)
_____
(қоныс аударғанға дейін туған жері, тұрған жері)
Қоныс аударылды _____
(қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы көрсету)
және 19___жылы _____
арнайы қоныстануға келді
_____
(ауыл, колхоз, совхоз, ауданды көрсету)
_____
(арнайы қоныстану кезіндегі қала, село, аудан, облыс, өлке, республиканы және басқа да бар мәліметтерді көрсету)
Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болса)_____
_____
(қысқартусыз көрсету, анықтама үшін телефон)
Ақпараттық жүйеде бар, заңмен қорғалған құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы_____
_____ «_____» 20 ____жыл

Ескерту: Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),туған күні және туылған жері баспа әріптермен толтырылады, өтінішті толтырғанда бұрынғы және өзгертілген сауалнамалық деректер міндетті түрде көрсетілуге жатады.

*«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша*

*Нысан*

(Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))
_____
_____
(қызмет алушының мекенжайы)

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2 тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының № __ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік қызметтер көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан Сіз мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:
1) _____;
2) _____;
3) _____ ...

ұсынбауыңызға байланысты құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.
Т.А.Ә. _____
(«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорация қызметкерінің)
(қолы)_____
Орындаушы: Т.А.Ә. _____
Телефон _____
Алдым: Т.А.Ә. қызмет алушының қолы_____
«___» _____ 20___ жыл

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18536 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 16 сәуір №27 Нұр-Сұлтан қаласы

### «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 9 наурыздағы №24 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 9 наурыздағы № 24 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14977 болып тіркелген, 2017 жылдың 7 сәуірінде Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметінің стандарты осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамамен бекітілген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушы Б.АСЫЛОВ**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

*Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушысының 2019 жылғы 16 сәуірдегі №27 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 9 наурыздағы №24 бұйрығымен бекітілген*

### «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандарты

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 9 наурыздағы № 24 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14977 болып тіркелген, 2017 жылдың 7 сәуірінде Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық басқармалары шегінде архив анықтамарын және/немесе архив құжаттарының көшірмелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;»;

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық басқармалары шегінде мұрағат анықтамаларын және/немесе мұрағат құжаттарының көшірмелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамамен бекітілген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушы Б.АСЫЛОВ**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

*Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушысының 2019 жылғы 16 сәуірдегі №26 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 27 шілдедегі №95 бұйрығына 2-қосымша*

### «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен және оның аумақтық органдарымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Құжаттарды қабылдау:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – портал).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

#### 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі:

1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға және порталға өткізген сәттен бастап –10 (он) күнтізбелік күн;

2) құжаттар топтамасын өткізу үшін барынша рұқсат етілетін күту мерзімі - 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетуге барынша рұқсат етілетін мерзім – 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру не осы мемлекеттік қызметтер стандартының 10-тармағымен көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жолданған сұрау салудың қаралу мәртебесі туралы ақпарат, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алатын күнді және алатын орнын көрсете отырып, ақпарат жолданады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ақысыз көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қосқанда, бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес 9.00-ден 20.00-ге дейін, түскі асқа үзіліссіз, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда;

Қабылдау «электрондық кезек» тәртібінде жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға рұқсат етіледі;

2) порталдың – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда;

3) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қосқанда, бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліспен 13.00-ден 14.30-қа дейін, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда.

9. Көрсетілетін қызметті алушыға немесе сенімхат бойынша оның өкіліне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмесін беру туралы өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

туыстарына қатысты ақпарат алғанда, туыстық дәрежесін куәландыратын құжаттар;

нотариуспен куәландырылған сенімхат – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының мүддесін басқа тұлға білдіргенде.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

2) порталға:

туыстарына қатысты ақпарат алу барысында туыстық дәрежесін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері салынған, көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік құпия сөзбен куәландырылған электрондық сұрау салу.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсеткенде, егер ол Қазақстан Республикасының басқа заңдарымен қарастырылмаса, ақпараттық жүйелерде сақталған, заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметті алуға жазбаша түрде көрсетілетін қызметті алушыдан келісім алады.

Дайын құжаттарды беру қолхаттың негізінде, көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатын немесе оның өкілі нотариуспен куәландырылған сенімхатты ұсынғанда

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 4 сәуір №297 Нұр-Сұлтан қаласы

## Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 69-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын «Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 19 мамырдағы №307 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 маусымда № 11275 болып тіркелді, «Әділет» ақпаратық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 маусымда жарияланды).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі сатып алу және Министрліктің активтері департаменті (Қалас Е.С.) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ә.СМАЙЫЛОВ**

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі №297 бұйрығымен бекітілген*

### Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары

| р/с № | Заттардың атауы | Өлшем бірлігі | Бір қызметкерге заттардың саны | Киу мерзімі (айларда) | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Салтанатты және күнделікті нысанды киім (погонсыз)* | | | | | |
| 1. | Фуражка | Дана | 1 | 24 | |
| 2. | Берет | Дана | 1 | 36 | |
| 3. | Теріден тігілген құлақшын | Дана | 1 | 36 | |
| 4. | Жылы күрте | Дана | 1 | 36 | |
| 5. | Кашне | Дана | 1 | 36 | |
| 6. | Пиджак шалбарымен | Жиынтық | 1 | 24 | |
| 7. | Пиджак белдемшесімен | Жиынтық | 1 | 24 | |
| 8. | Шалбар | Дана | 1 | 24 | |
| 9. | Белдемше | Дана | 1 | 24 | |
| 10. | Ұзын жеңді ақ түсті жиде | Дана | 2 | 24 | |
| 11. | Қысқа жеңді ақ түсті жиде | Дана | 2 | 12 | |
| 12. | Ұзын жеңді ашық көк түсті жиде | Дана | 2 | 18 | |
| 13. | Ерлердің қысқа етігі | Жұп | 1 | 24 | |
| 14. | Әйелдердің етігі | Жұп | 1 | 24 | |
| 15. | Ерлердің туфлиі | Жұп | 1 | 12 | |
| 16. | Әйелдердің туфлиі | Жұп | 1 | 12 | |
| 17. | Галстук | Дана | 1 | 24 | |
| 18. | Белдік | Дана | 1 | 24 | |
| 19. | Кеудеше | Дана | 1 | 24 | |
| 2. Далалық нысанды киім (погонсыз)* | | | | | |
| 20. | Далалық киім | Жиынтық | 1 | 24 | |
| 21. | Биік қонышты бөтеңке | Жұп | 1 | 24 | |
| 22. | Футболка | Дана | 1 | 12 | |

Ескертпе:

* нысанды киімнің (погонсыз) үлгілері және айырым белгілері осы Нормаларға қосымшада келтірілген.

1. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде нысанды киім кию міндетті.

2. Нысанды киімді және оның заттарын киіп жүру мерзімдері оның берілген күнінен бастап саналады.

3. Нысанды киіммен қамтамасыз ету экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органы ведомствосының есебінен жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері қаржы мониторингі органдарының үй-жайынан тыс жерлерде жедел-тергеу іс-шараларын орындаған кезде кеудешені нысанды киімнің үстінен киеді.

5. Далалы нысанды киімді өз қызметтік міндеттерін кезекші бөлімшелерде және қызметтік иттермен орындайтын Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері киеді.

*Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларына қосымша*

### Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлері нысанды киімінің (погонсыз) үлгілері (бұдан әрі - нысанды киім):

1. Ерлерге арналған нысанды киім жиынтығына (1 және 2 - сурет):
1) қою-көк түсті фуражка;
2) қою-көк түсті пиджак;
3) сұр түсті шалбар;
4) ұзын жеңді ақ түсті жиде;
5) қысқа жеңді ақ түсті жиде;
6) ұзын жеңді ашық көк түсті жиде;
7) сұр-көгілдір жолақты көк түсті галстук;
8) қою-көк түсті мех күрте;
9) қою-көк түсті теріден тігілген құлақшын;
10) сұр түсті кашне;
11) қара түсті жылы қысқа етік;
12) қара түсті туфли;
13) қара түсті белдік.

1-сурет



Ескертпе: 1 – салтанатты нысан, 2 – жазғы нысан (ұзын жеңді жиде), 3 – жазғы нысан (қысқа жеңді жиде), 4 – қысқы нысан.

2-сурет

Ескертпе: 1 – күнделікті нысан, 2 – жазғы нысан (ұзын жеңді жиде).

2. Әйелдерге арналған нысанды киім жиынтығына (3 және 4 -сурет):
1) сұр түсті берет;
2) қою-көк түсті пиджак;
3) сұр түсті белдемше;
4) жеңі ұзын ақ түсті жиде;
5) жеңі қысқа ақ түсті көйлек;
6) жеңі ұзын ашық көк түсті жиде;
7) сұр-көгілдір жолақты көк түсті галстук;
8) қою-көк түсті мех күрте;
9) қою-көк түсті теріден жасалған құлақшын;
10) сұр түсті кашне;
11) қара түсті жылы етік;
12) қара түсті туфли.

3-сурет

Ескертпе: 1 – салтанатты нысан; 2 – жазғы нысан (ұзын жеңді жиде), 3 – жазғы нысан (қысқа жеңді жиде)

4-сурет



Ескертпе: 1 – күнделікті нысан; 2 – жазғы нысан (ұзын жеңді жиде), 3 – қысқы нысан.

### Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері кеудешесінің үлгісі

3. Ерлерге және әйелдерге арналған қою-көк түсті кеудеше (5-сурет):

5-сурет

Ескертпе: 1 - алдыңғы бөлігі; 2 – арқасы.

### Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің далалық нысанды киімінің үлгісі

4. Ерлерге және әйелдерге арналған далалық нысанды киімнің құрамына (6-сурет):
1) камуфляжды сұр түсті күрте;
2) камуфляжды сұр түсті шалбар;
3) камуфляжды сұр түсті кепеш;
4) камуфляжды сұр түсті футболка;
5) қара түсті биік қонышты бөтеңке.

6-сурет

### Айырым белгілері

5. Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің нысанды киім (погонсыз) кию айырым белгілерінің үлгісі (6-сурет):

7-сурет

Ескертпе: 1, 2, 3 – аға басшы құрамы (жұлдыздар алтын түсті); 4, 5, 6 – орта басшы құрамы (жұлдыздар күміс түсті).

6. Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің арнаулы атақтары бойынша айырым белгілері шеврон болып табылады.

Аға басшы құрамы шевронында диаметрі 20 мм болатын жұлдыздар алтын түсті былай орналасады:
1) 3-санатты біліктілік сынып – 1 жұлдыз;
2) 2-санатты біліктілік сынып – 2 жұлдыз;
3) 1-санатты біліктілік сынып – 3 жұлдыз.

Орта басшы құрамы шевронында диаметрі 13 мм болатын жұлдыздар күміс түсті былай орналасады:
1) 6-санатты біліктілік сынып – 2 жұлдыз;
2) 5-санатты біліктілік сынып – 3 жұлдыз;
3) 4-санатты біліктілік сынып – 4 жұлдыз.

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18485 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 7 ақпан №26 Алматы қаласы

## «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**(Жалғасы. Басы 77-нөмірде)**

4) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (осындайлар бар болса) жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, нотариат куәландырған) көшірмесі;

5) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерінің лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

6) ең төменгі мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11751 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде айқындалған жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінің толық төлегенін растайтын құжаттар құрылтайшылардың, акционерлердің оны төлегенін растайтын төлем құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады;

7) сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары, олар мыналарды айқындайды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

көрсетілетін қызметті алушының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін;

8) көрсетілетін қызметті алушының ішкі аудит қызметі туралы мынадай мәліметтер қамтылатын ереже:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

ішкі аудит қызметінің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасау тәртібі туралы ақпарат;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының бүкіл қызметін немесе бір бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

9) көрсетілетін қызметті алушының штатында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру нарығында актуарий қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) акционерлердің жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі (исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

11) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті түрде қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

12) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.»;

10-тармақта:

3) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспар.»;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ақпарат қамтылады және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) тігілген және нөмірленген түрде, соңғы парағының сыртқы жағындағы тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың титул парағында жоғарғы оң бұрышында мынадай айқындама болады: (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) «Директорлар кеңесі бекітті 20__жылғы «__» _____ № ___ хаттама».»;

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.»;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар), 4), 5), 6), 10), 11) және 12) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) және 8) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында, 9) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшасында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 3) және 4) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұратуға қоса беріледі.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 33-қосымшаға сәйкес бекітілген «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке);

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 102 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын автоматтандыруға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

4) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (осындайлар бар болса) жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, нотариат куәландырған) көшірмесі;

5) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерінің лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

6) ең төменгі мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11751 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде айқындалған жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінің толық төлегенін растайтын құжаттар құрылтайшылардың, акционерлердің оны төлегенін растайтын төлем құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады;

7) сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары, олар мыналарды айқындайды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

көрсетілетін қызметті алушының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін;

8) көрсетілетін қызметті алушының ішкі аудит қызметі туралы, мынадай мәліметтер қамтылатын ереже:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

ішкі аудит қызметінің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасау тәртібі туралы ақпарат;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының бүкіл қызметін немесе бір бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

9) көрсетілетін қызметті алушының штатында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру нарығында актуарий қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) акционерлердің жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі (исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

11) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті түрде қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

12) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар;

13) көрсетілетін қызметті алушының орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларды қоспағанда, ірі қатысушы - жеке тұлғаның немесе сақтандыру холдингінің бар екенін растайтын құжат (сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін).

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

10. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру туралы өтініш;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспар.

Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда мынадай ақпарат қамтылады:

сақтандыру сыныбы бойынша өтелетін тәуекелдердің негізгі сипаттамалары;

сақтандыру портфелінің құрылымындағы сақтандыру сыныбы үлесінің; сақтандыру сыныбы бойынша қызметтер көрсету нарығы сегментінің (нарық көлемінің, әлеуетті сақтанушылардың, географиялық жерінің) негізгі сипаттамалары;

сақтандыру сыныбы шеңберінде сақтандыру өнімдерін өткізу тәсілдерінің негізгі сипаттамалары;

сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібіне және олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар;

осы сақтандыру сыныбы бойынша таяудағы екі жылға арналған пайдалар, шығындар, сақтандыру резервтерінің есептері туралы болжам, шығындылық болжамы, ең нашар және ең жақсы жағдайдағы тәуекелдерді бағалау, пруденциялық нормативтердің сақталу болжамы;

қайта сақтандыру немесе исламдық қайта сақтандыру саясаты (қайта сақтандыру нысандары мен әдістері, қайта сақтандыру ұйымдарын немесе исламдық қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары);

инвестициялық саясат.

Инвестициялық саясат жөніндегі ақпаратта мынадай мәліметтер:

инвестициялау мақсаты;

инвестиция түрлері бойынша әртараптандыруды және активтердің сапасын бағалауды қоса алғанда, инвестициялық портфельді және оның кірістілігін қалыптастыру;

активтердің түріне, сондай-ақ сырттан қаражат тартуға қарай инвестициялық шектеулер;

инвестициялық саясатқа жауапты ұйымның адамдары ашып көрсетілуге тиіс.

Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ақпарат қамтылады және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) нөмірленген және тігілген түрде, соңғы парағының сыртқы жағындағы тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың титул парағында жоғарғы оң бұрышында мынадай айқындама болады: (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) «Директорлар кеңесі бекітті 20__жылғы «__» _____ № ___ хаттама».

Сақтандырудың бірнеше сыныбы бойынша сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға өтініш берген кезде сақтандыру сыныптары бойынша бір бизнес-жоспар ұсынылады;

4) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті

**(Жалғасы 16-бетте)**

(Жалғасы. Басы 15-бетте)

түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларды қоспағанда, ірі қатысушы - жеке тұлғаның немесе сақтандыру холдингінің бар екенін растайтын құжат (сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін);

6) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар.»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.»;

14-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар), 5), 6), 11), 12) және 13) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) және 8) (электрондық құжаттар түрінде), 9) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшаларында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 3) (электрондық құжаттар түрінде), 4), 5) және 6) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) тармақшасында, 11-тармағында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұратуға қоса беріледі.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе ислам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бекітілген «Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке немесе исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 35-қосымшаға сәйкес бекітілген «Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) мыналармен айналысу құқығына лицензия беру үшін лицензиялық алым:

брокерлік қызметпен – 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

дилерлік қызметпен – 30 АЕК;

инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен – 30 АЕК;

кастодиандық қызметпен – 30 АЕК;

трансфер-агенттік қызметпен – 10 АЕК;

бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен саудасаттықты ұйымдастыру жөніндегі қызметпен – 10 АЕК;

қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметімен 40 АЕК болады;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;»;

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (заңды тұлғалар үшін) және 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (жеке тұлғалар үшін);»;

11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

13) тармақшаның тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының қолымен куәландырылады.»;

19) және 20) тармақшалар алып тасталсын;

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп және тігіліп, соңғы парақтың сыртқы бетінде тігістің түйініне желімденген жапсырмада парақтар саны көрсетіле отырып ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің осындай құжаттарға қол қою құқығы бар лауазымды тұлғаларының қолдарымен куәландырылады.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге «өмірді сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының бағалы қағаздар нарығына инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1), 2), 10) және 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ инвестициялық комитеттің құрамы туралы мәліметтерді қоса алғанда, осы комитет туралы ережені және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17462 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысын айқындайтын ішкі қағидаларды ұсыну қажет.»;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 4), 7), 8), 13), 15) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 6), 9), 10), 14), 16), 17) және 18) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында және 9-1-тармағында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұратуға қоса беріледі.»;

15-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия алуға өтініш осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 44-қосымшаға сәйкес бекітілген «Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына және (немесе) банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алым мөлшерлемесі 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақтың бірінші бөлігінің 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, рұқсат беру үшін алымның төленгенін растайтын құжат;»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы - банк көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8), 10), 11), 12) және 14) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып өтініші, сондай-ақ мыналарды ұсынады:

1) тиісті өтініште берудің алдындағы соңғы аяқталған тоқсан үшін еншілес ұйымның қаржылық есептілігі – еншілес ұйымды сатып алған жағдайда;

2) қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсарту бойынша бизнес-жоспар мен іс-шаралар жоспары;

3) пруденциялық нормативтердің және бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерді иеленуші еншілес ұйымның болуын болжаудың нәтижесінде банктердің сақтауы міндетті басқа міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің есебі, оның ішінде уәкілетті орган белгілеген шоғырландырылған негізде.»;

11-тармақта:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген құжаттар;»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілетін қызметті алушы - банк Қазақстан Республикасының резидент - банкінің капиталына көрсетілетін қызметті алушы - банктің елеулі қатысуына рұқсат алуға өтініш (банк холдингінің мәртебесін иелену туралы өтініш) не банк холдингі Қазақстан Республикасының резидент – банкінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының капиталына елеулі қатысуға рұқсатты алу үшін өтініш берген жағдайда, рұқсат алу үшін алымды төлегенін растайтын құжатты қоспағанда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.»;

13-тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

3) бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін:

осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8), 10), 11), 12) және 14) тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, электрондық сұратуға қоса берілетін құжаттар (электрондық құжаттар түрінде);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген, электрондық сұратуға қоса берілетін құжаттар (PDF форматтағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде);

4) көрсетілетін қызметті алушы ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін:

осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттар.»;

14-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Аталған талап қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғаннан кейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің уәкілетті органның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты талаптарына сәйкес келмеуі;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) өтініш берілген күні және құжаттарды қарау кезеңінде банкте және (немесе) банк холдингінде және (немесе) иелену болжанған еншілес ұйымда қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік шаралардың болуы;»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, оның ішінде бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленуші еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға өтініш осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұйымның капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға өтініш осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 45-қосымшаға сәйкес бекітілген «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе иеленуіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алым мөлшерлемесі 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.»;

9-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, рұқсат беру үшін алымның төленгенін растайтын құжат;»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген құжаттар;»;

11-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес 9-тармағының 3), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында және 10-тармағының 3) тармақшасында (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көзделген құжаттар.»;

12-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Аталған талап қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғаннан кейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) өтініш берілген күні және құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және (немесе) банк холдингінде және (немесе) иелену болжанған еншілес ұйымда қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 227, 229, 230-баптарында, 239-бабының төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік шаралардың болуы;»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлері лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлері лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 46-қосымшаға сәйкес бекітілген «Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: олар тапсырылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру не осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) айналыстағы бағалы қағаздар (борыштық бағалы қағаздар үшін) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздары өтеу жөніндегі міндеттемелерін) уақтылы кезінде орындамау немесе орындамау фактілерінің болмауы, сондай-ақ айналыстағы бағалы қағаздардың (акцияларды қоспағанда) делистинг жағдайларының болмауы туралы ақпаратты көрсете отырып, ақпараттық жүйелерде орналастырылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім берумен еркін нысанда жасалған, шет мемлекеттің аумағындағы көрсетілетін қызмет алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға және (немесе) орналастыруға рұқсат беру туралы, электрондық нысандағы, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған сұрау салу;»;

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) тармақшасында (электрондық құжат түрінде), 3), 4) және 5) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмелері түрінде), үшінші және төртінші бөліктеріндегі (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық құжат нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру туралы сұрау салуға қоса беріледі.»;

көрсетілген қаулыға 47-қосымшаға сәйкес бекітілген «Шет мемлекеттің аумағындағы Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: олар тапсырылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға рұқсат беру не осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) айналыстағы бағалы қағаздар (борыштық бағалы қағаздар үшін) шығару шарттарын (

(Жалғасы. Басы 15-16-беттерде)

1) қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі, қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушы (қосылатын көрсетілетін қызметті алушылар) акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының шешімі, сондай-ақ қосылатын көрсетілетін қызметті алушы (қосылатын көрсетілетін қызметті алушылар) акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;

Қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушы және қосылатын көрсетілетін қызметті алушы (қосылатын көрсетілетін қызметті алушылар) акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы шешімінде қосылу нысанында қайта ұйымдастыруға қатысатын әрбір көрсетілетін қызметті алушының атауы, орналасқан жері, қосылатын көрсетілетін қызметті алушының (қосылатын көрсетілетін қызметті алушылардың) акцияларын сату бағасы, қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының акцияларын орналастыру (сату) бағасы туралы мәліметтер, қосылудың өзге талаптары мен тәртібі қамтылады;

2) қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының және қосылатын көрсетілетін қызметті алушының (қосылатын көрсетілетін қызметті алушылардың) қайта ұйымдастыруы болжанған талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін құжаттар (бұдан әрі – қайта ұйымдастыру жоспары);

Қайта ұйымдастыру жоспарына мыналар кіреді:

қайта ұйымдастыруды жүргізудің негіздері;

көрсетілетін қызметті алушылардың ерікті зейнетақы жарналары және меншікті активтері есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың зейнетақы активтеріне қатысты әрекет ету тәртібін сипаттауды қоса алғанда, қайта ұйымдастыруды жүргізу жөніндегі іс-шаралар;

қайта ұйымдастыруға байланысты іс-шараларды аяқтау мерзімі;

қосылатын көрсетілетін қызметті алушы (қосылатын көрсетілетін қызметті алушылар) алушыларының (алушыларының) құрылымын ескере отырып, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін төлеу және аудару бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шаралары туралы мәліметтер;

қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының пруденциялық нормативтерді орындауын қамтамасыз ету шаралары туралы мәліметтер;

қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының бағдарламалық-техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету шаралары туралы мәліметтер;

қайта ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсететін өзге де ақпарат.

3) қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталғаннан кейінгі есептік бухгалтерлік балансын қоса алғанда, қайта ұйымдастыру салдарларының қаржылық болжамы.

Қайта ұйымдастыру салдарларының қаржылық болжамы қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырудан кейінгі мынадай көрсеткіштерінің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді талдауларын қамтиды:

қаржылық есептер негізінде меншікті активтерге және меншікті капиталға қатысты рентабельділік көрсеткіштерінің қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталғаннан кейінгі талдауы;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерінің мөлшері бойынша қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталғаннан кейінгі болжам;

салалар, валюталар, қаржы құралдарының түрлері, өтеуге дейінгі мерзімдері бөлігіндегі зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфель құрылымы бойынша қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталғаннан кейінгі болжам;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерінің шартты бірлігі құнының қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталғаннан кейінгі өзгеру болжамы.

Заңды тұлғаның қосылуы жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастыруға рұқсат алу үшін рұқсат алу туралы өтінішхатпен бірге көрсетілетін қызметті берушіге осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының талаптарына сәйкес ресімделген мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі, қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушы және қосылатын заңды тұлға акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының шешімі, сондай-ақ қосылатын заңды тұлға акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;

2) қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушының және заңды тұлғаның қайта ұйымдастыру жоспары;

3) көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырудан кейінгі есептік бухгалтерлік балансын қоса алғанда, қайта ұйымдастыру салдарларының қаржылық болжамы.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген құжаттар қосылу жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметті алушыға қойылатын осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінің талаптарына сәйкес ресімделеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде), 3) және 4) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында, екінші бөлігінің 1) (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде), 2) және 3) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында, төртінші бөлігінің 1) (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде), 2) және 3) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында көрсетілген құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуға қоса беріледі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.»;

көрсетілген қаулыға 52-қосымшаға сәйкес бекітілген «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі: 3 (үш) айдың ішінде.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті таратуға рұқсат беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін жолдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.»;

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) акционерлердің жалпы жиналысының көрсетілетін қызметті алушыны ерікті түрде тарату туралы шешімі;

3) көрсетілетін қызмет алушының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көзделген міндеттемелерінің болмауын растайтын құжат;

4) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көзделген міндеттемелердің болмауын куәландыратын бухгалтерлік баланс және оған берілетін түсіндірме жазба.

Көрсетілетін қызметті алушының бухгалтерлік балансына берілген түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомаларын және олардың пайда болу негіздерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының кредиторлары (олар бар болса) туралы ақпарат жария етіледі.

Бухгалтерлік баланс және оған берілетін түсіндірме жазба өтінішхат жіберілген күннің алдындағы күнге жасалады;

5) көрсетілетін қызметті алушының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, көрсетілетін қызметті алушының кастодиан банкінің бірінші басшылары және көрсетілетін қызметті алушының инвестициялық портфелін басқарушы (ол болған кезде) немесе олардың орындарындағы адамдар қол қойған, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мөрімен расталған (бар болса) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша көрсетілетін қызметті алушының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісі;

6) көрсетілетін қызмет алушыда ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның және бағалы қағаздар нарығында қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың болмауын растайтын құжаттар:

көрсетілетін қызмет алушының қызметтің тиісті түрлері бойынша міндеттемелерінің болмауы туралы, сондай-ақ қызметтің көрсетілген түрлері бойынша қолданыстағы шарттардың болмауы туралы хаты;

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетілетін қызмет алушының жеке шотын және жеке шотындағы барлық қосалқы шоттарды жабу және депозитарлық қызмет көрсету шартын, ағымдағы шот шартын және факсимильді хабарлар түріндегі операциялық құжаттарды қабылдау және беру туралы шартты бұзу жөніндегі хаты;

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы алдындағы берешегінің болмауы туралы хаты.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 5), 6) тармақшаларында (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) және 4) тармақшасында (электрондық құжат түрінде) көрсетілген құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салуға қоса беріледі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.»;

10-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 53-қосымшаға сәйкес бекітілген «Уәкілетті ұйымдарға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Ұйымдастыру жұмысы және бақылау басқармасы (Итимгенов А.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы, осы қаулының 1-тармағының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін екінші, отыз бесінші – бір жүз алпысыншы, екі жүз он жетінші – алты жүз жетпіс алтыншы, жеті жүз тоғызыншы – жеті жүз сексен төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 7 ақпандағы №26 қаулысына 1-қосымша*

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі №71 қаулысына 3-қосымша*

**«Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – микроқаржылық ұйымына оны микроқаржылық ұйымдардың тізіліміне енгізу туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі тіркеу алымының мөлшерлемесі 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар алым төлеуді қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беруге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініш;

2) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер;

3) ішкі бақылау қызметі туралы ереже (бар болса);

4) мыналарды:

микроқаржылық ұйым қызметінің стратегиясын;

микроқаржылық ұйым бағдарланған нарық сегментінің айқындамасын (қызметтерді әлеуетті тұтынушылар, ағымдағы жағдай және олардың нарықтағы үлесінің серпінді болжамы);

қызмет түрлерін (микрокредит беру, микрокредиттерді беру қызметіне байланысты мәселелер жөнінде консультациялық қызметтер көрсету және (немесе) «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында (бұдан әрі – Заң) көзделген қызметтің басқа түрі);

ағымдағы ахуалдың талдауын, қызметтердің жарнамасын, көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету шараларын, тұтынушылардың қажеттіліктерін қалыптастыру және ынталандыру шараларын қамтитын маркетинг (клиентураны қалыптастыру) жоспарын;

ұйымның қызметін қаржыландыру көздерін (құрылтайшылар қаражаты, тартылған қаражат, гранттар немесе басқа қаражат) ашып көрсететін бизнес-жоспар;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) туралы мәліметтер өтініш берген күннің алдындағы күнге жағдай бойынша;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтері (бар болса) туралы мәліметтер өтініш берген күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша;

7) микроқаржылық ұйымның жоғары органы бекіткен микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесі;

8) мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюромен «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған ақпарат беру туралы шарттың көшірмесі;

9) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, микроқаржылық ұйымның есептік тіркеуден өткені үшін алым төлегенін растайтын құжат;

10) берілген микрокредиттер бойынша кірісті және корпоративтік табыс салығының есептелген сомасын көрсететін соңғы үш жылдағы салық декларациясының көшірмесі (микрокредиттік ұйымдарды қайта тіркеу немесе қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған микроқаржылық ұйымдар ұсынады).

Микроқаржылық ұйым өтініште көрсетілген орналасқан жерінің өзгергені туралы көрсетілетін қызметті берушіге осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей хабарлайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, микроқаржылық ұйым осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды ұсынады.

10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтердің электрондық нысаны түрінде), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көзделген құжаттар өтініште уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған өтінішке қоса беріледі және микроқаржылық ұйым портал арқылы ұсынады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

11. Мыналар:

1) ұсынылған құжаттардың осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарда көрсетілуге тиіс дәйексіз мәліметтерді және ақпаратты ұсынуы;

3) егер микроқаржылық ұйым әділет органдарында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап бір жыл ішінде есептік тіркеуден өту туралы өтініш жасамаса;

4) егер микроқаржылық ұйымның басшысында немесе құрылтайшыларының бірінде өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса, сондай-ақ тұлға буған дейін уәкілетті орган осы микроқаржылық ұйымды тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан бұрын аспайтын кезеңде қаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылған жағдайда;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 10) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

6) Заңның 31-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік қайта тіркеу мерзімінің сақталмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда, микроқаржылық ұйым ретінде тіркелген заңды тұлға есептік тіркеуден бас тартуды алған күннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеуден өтуге қайтадан өтініш береді.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

12. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауына қарай әкесінің аты (ол бар болса), пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның оның атауы, пошталық мекенжайы, жіберілген нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

13. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

*«Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша*

Нысан

_____

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_____

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

**Өтініш**

**Микроқаржылық ұйым ретінде есептік тіркеу жүргізуді сұраймын.**
**Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:**
**1. Көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері**

_____

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің, офистің нөмірі)

_____

(телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы, бар болса интернет-ресурсы)

2. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналарының және олардың әрқайсысындағы парақ саны:

_____

Өтінішке қоса берілген құжаттарды және ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтердің пайдаланылуына келісемін.

Өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы _____

*«Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша*

Нысан

**Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер**

| Микроқаржылық ұйымдардың атауы | Күні | Меншікті капиталдың мөлшері (мың теңге) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

*«Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша*

1-нысан

**Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушы) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін)**

_____

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

1. Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушы)

_____

(толық атауы)

Орналасқан жері _____

(пошталық индексі, мекенжайы)

Байланыс деректемелері

_____

_____

(телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта (ол бар болса) мекенжайы)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

_____

(құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, кім берді)

Қазақстан Республикасының резиденті (бейрезиденті)

_____

Қызметтің негізгі түрі

_____

2. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесі

_____

3. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне ақша енгізу алдындағы көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) меншікті капиталының мөлшері және көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесін төлеуге енгізілген сома

_____

_____

4. Заңды тұлғалардың толық атауын және тұрған жерін көрсете отырып, қатысушы, акционер ретінде көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) өзге заңды тұлғалар құруға және қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

_____

_____

5. Ұйымдардың толық атауларын, орналасқан жерлерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы мәліметтер:

_____

_____

6. Көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) басшысы туралы мәліметтер:

_____

_____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

20 __ жылғы «____» _____

Көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушының) қолы _____

2-нысан

**Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) туралы мәліметтер (жеке тұлға үшін)**

_____

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

1. Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушы) ____

_____

_____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Туған күні

_____

Азаматтығы

_____

Жеке басын куәландыратын құжат деректері

_____

(құжаттың атауы, нөмірі, сериясы және берілген күні, кім берді)

Тұрғылықты жері _____

_____

(пошталық индексі, мекенжайы)

Байланыс деректемелері

_____

_____

(телефон нөмірі, электрондық пошта (ол бар болса) мекенжайы)

Жұмыс орны (мекенжайын көрсете отырып), лауазымы

_____

_____

2. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталдағы қатысу үлесі

_____

_____

3. Заңды тұлғалардың толық атауларын және орналасқан жерлерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) қатысушы, акционер ретінде өзге заңды тұлғаларды құруға және қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

_____

4. Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы туралы мәліметтер:

_____;

5. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның осы микроқаржылық ұйымды тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жыл бұрыннан аспайтын кезеңде тұлғаның бұған дейін микроқаржылық ұйымның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер.

20 __ жылғы «___» _____

(Жалғасы. Басы 15-17-беттерде)

2. Кәсіби деректері:

| | |
|---|---|
| Білімі, оның ішінде жұмыс бейініне сәйкес келетін кәсіби білімі | _____ (оқу орнының, факультеттің немесе бөлімнің атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, берілген біліктілікті, білімі туралы дипломның деректемелерін көрсету керек) |
| Қосымша білімі, оның ішінде жұмыс істейтін саладағы біліктілікті көтеру курстары, ғылыми дәрежесі | _____ (оқу орнының атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, білімі туралы дипломның деректемелерін, сертификатты, куәлікті көрсету керек) |
| Жетістіктері | _____ (осы мәселе бойынша ақпарат көрсету керек: мысалы, ғылыми жарияланымдарының аты, ғылыми әзірлемелерге, заң жобаларына қатысуы және басқалары) |
| Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат | _____ (кандидаттың кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі) |

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

| № | Жұмыс кезеңі (айы/жылы) | Ұйымның атауы, атқаратын лауазымдары және лауазымдық міндеттері |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

3. Басқа мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы | Иә/жоқ (егер иә деген жауап болса, онда қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны туралы үкімнің күнін және нөмірін, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің не Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің бабын көрсету керек) |
| Қадағалау органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы | Иә/жоқ (егер иә деген жауап болса, онда осындай шара қолданған органның атауын және қолдану күнін көрсету керек) |
| Бұрын, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы микроқаржы ұйымын тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде микроқаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер | Ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі |
| Қаржы қызметтерін көрсету мәселелері жөнінде сот талқылауына микроқаржы ұйымының басшысы ретінде жауапқа тартылды ма | (күнін, сот талқылауындағы жауапкер-ұйымның атауын, қаралған мәселені және соттың шешімін көрсету керек) |
| Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат | (еркін түрде көрсетіледі) |

Мен,_____,
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)
осы ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын _____.
(қолы, күні)

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 7 ақпандағы №26 қаулысына 2-қосымша*

*«Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша*

Нысан

фотосурет орны

**Басшы қызметкер лауазымына үміткер туралы мәліметтер**

_____
(қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың атауы)
_____
(тегі, аты әкесінің аты (ол бар болса))

1. Жалпы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Туған күні және жері | |
| Азаматтығы | |
| Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) | |

2. Білімі:

| № | Оқу орнының атауы | Түскен жылы - бітірген жылы | Мамандығы | Білімі туралы дипломның деректемелері (бар болса күні және нөмірі) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, қарындасы, балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, қарындасы, балалары) туралы мәліметтер:

| № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) | Туған жылы | Туыстық қатынастары | Жұмыс орны және лауазымы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

6) егер эмитенттің мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісінде қор биржасының сауда жүйесінде осы облигациялардың айналысы көзделсе, көрсетілетін қызметті алушының және ол шығаратын мемлекеттік емес облигациялардың қор биржасының тізіміне көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік емес облигацияларын енгізуге және олардың тізімде болуына қойылатын талаптарға сәйкес келуі туралы қор биржасының қорытындысын, сондай-ақ қор биржасының листинг комиссиясының көрсетілетін қызметті алушының бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын;

7) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың көшірмесін (облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасу міндеті «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) талаптарында көзделген және (немесе) шарт жасасу көрсетілетін қызметті алушының бастамасымен болған жағдайда);

8) ұйымдастырылған нарыққа облигациялар орналастыруды жоспарлайтын көрсетілетін қызметті алушылар үшін эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімінде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйыммен жасалған шарттың көшірмесін (осындай ұйыммен шарт жасасу міндеті Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның талаптарында көзделген жағдайда);

9) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті алушының кірісін оның қатысушылары арасында бөлу тәртібін;

10) көрсетілетін қызметті алушының аудиторлық есептермен расталған, соңғы екі қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілігінің көшірмелерін, сондай-ақ аудиторлық есептердің көшірмелерін (жаңадан құрылған көрсетілетін қызметті алушыларды қоспағанда);

11) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берер алдында соңғы тоқсанның аяғындағы не мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берер алдында соңғы тоқсаннан кейінгі айдың 25-не дейін ұсынған жағдайда, соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша көрсетілетін қызметті алушының қаржылық есептілігінің көшірмесін ұсынуға міндетті. Аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ағымдағы жылғы 1 қаңтар - 1 маусым аралығындағы кезеңде көрсетілетін қызметті берушіге соңғы аяқталған жылдың алдындағы екі жыл үшін қаржылық есептілікті және көрсетілген кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиторлық есебін ұсынады. Аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеп пен қаржылық есептілікті көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап бір ай ішінде ұсынады.

Осы тармақтың 4), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, көрсетілетін қызметті алушы, егер осы құжаттар облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынылатын күнге дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса ұсынбайды.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесінде көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламасын) мемлекеттік тіркеу жарғының және (немесе) олардың қызметін реттейтін құжаттардың талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

10. Облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушының облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығарылымы проспектісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Халықаралық қаржы ұйымының облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісі) халықаралық қаржы ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес халықаралық қаржы ұйымының облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінің) құрылымына сәйкес жасалады және ресімделеді.

11. Қаржылық есептілікке сәйкес көрсетілетін көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты қоспағанда, облигациялар шығарылымы проспектісіндегі (облигациялық бағдарлама проспектісіндегі, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісіндегі) мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыру күнінің алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне келтіріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынуына дейінгі кемінде аяқталған 1 (бір) қаржы жылы бұрын жүзеге асырылған қайта құру жолымен көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, облигациялар шығарылымы проспектісінде (облигациялық бағдарлама проспектісінде, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінде) көрсетілетін қызметті алушы құқықтық мирасқоры болып табылатын заңды тұлғаның қаржылық есептілігін қоса бере отырып, қайта құру нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаны тіркеу күнінің алдындағы аяқталған 2 (екі) қаржы жылының мәліметтері қамтылады.

Оригинатордың соңғы жыл үшін аудиторлық есебі және оригинатор мен арнайы қаржы компаниясы арасында жасалған секьюритилендіру мәмілесі бойынша талап ету құқығын беру шарты облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің) ажырамас бөлігі болып табылады.

12. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының бейрезиденті-көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, көрсетілетін қызметті берушіге қосымша мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушы орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі, дұрыстығын нотариат куәландырған оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса тіркеледі;

2) Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушының құрылтай құжаттарының көшірмелері, дұрыстығын нотариат куәландырған оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалары қоса тіркеледі;

3) шетел мемлекетінің қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге өтініш беру күніне дейін үш айдағы кезеңде Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушының пруденциялық нормативтерді және бейрезиденттің уәкілетті органы белгілеген өзге де нормалар мен лимиттерді сақтауы туралы хаты (егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушы қаржы ұйымы болып табылса).

13. Көрсетілетін қызметті алушы соттың қайта құрылымдау туралы шешіміне сәйкес қайта құрылымдауды жүргізген жағдайда, облигацияларды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, көрсетілетін қызметті берушіге сот бекіткен қайта құрылымдау жоспарының көшірмесін ұсынады.

14. Облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісінің) титул парағында мыналар қамтылады:

1) құжаттың атауы: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісі» немесе «Облигациялық бағдарламаның проспектісі» немесе «Облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісі»;

2) көрсетілетін қызметті берушінің толық және қысқартылған атауы;

3) мынадай жазба:

«Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және көрсетілетін қызметті алушы мен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

15. Көрсетілетін қызметті алушы порталда өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде) 9-тармағының 2), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында, 11-тармағының үшінші бөлігінде, 12-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында, 16-тармақшасында көрсетілген құжаттар;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжат (мәліметтердің электрондық нысандағы түрінде).

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынудың талаптары мен тәртібін бұзуы және құжаттарды қарау барысында олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінің анықталуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

17. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында белгілеген негіздерден басқа, көрсетілетін қызметті беруші:

1) көрсетілетін қызметті алушының бастамасы бойынша еркін делистингті қоспағанда, осы облигациялық бағдарлама шегінде жүзеге асырылған мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының делистингі жүргізілген;

2) облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нәтижесінде айналыстағы мемлекеттік емес облигациялар шығарылымдарының жалпы сомасы осындай облигациялық бағдарламаның тіркелген көлемінен асып кеткен;

3) облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынылған күні көрсетілетін қызметті алушының өзі шығарған, қор биржасының тізіміндегі борыштық бағалы қағаздар болмаған және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымына немесе бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымы болып табылмайтын ұйымға ол қайта құрылымдауды жүргізген кезде қолданылмайды.

### 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

18. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

19. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

### 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

21. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

*«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша*

### Халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесі

1. Азия даму банкі.
2. Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі.
3. Америкааралық даму банкі.
4. Африка даму банкі.
5. Еуразия даму банкі.
6. Еуропа қайта құру және даму банкі.
7. Еуропа инвестиция банкі.
8. Еуропалық Кеңестің Даму Банкі.
9. Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясы.
10. Ислам даму банкі.
11. Инвестицияларды кепілдендіру жөніндегі көптарапты агенттік.
12. Скандинавия инвестициялық банкі.
13. Халықаралық валюта қоры.
14. Халықаралық даму қауымдастығы.
15. Халықаралық есеп айырысу банкі.
16. Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы.
17. Халықаралық қайта құру және даму банкі.
18. Халықаралық қаржы корпорациясы.

*«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша*

### Облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарламаның проспектісі) құрылымы

### 1-тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) эмитентті алғашқы мемлекеттік тіркеу күні;

2) эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (егер қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда);

3) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы;

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі;

5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі;

6) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлға филиалдарының (өкілдіктерінің) есепті тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің пошта мекенжайлары көрсетіледі;

7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

8) ISO 17442 «Financial services – Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса).

2. Егер эмитенттің нақты мекенжайы эмитеттің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген мекенжайынан басқаша болса, байланыс телефондарының, факстың нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын, сондай-ақ нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің орналасқан жері.

### 2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі;

2) бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

3) облигациялардың саны;

4) облигациялар шығарылымның жалпы көлемі;

5) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

2) сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;

3) облигациялар бойынша сыйақыны аудару басталатын күн;

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иегерінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;

6) оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;

7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;

8) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;

9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.

### 3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) облигацияларды орналастырудың басталған күні;

2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні;

3) онда облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).

9. Облигациялар айналысының шарттары және тәртібі:

1) облигациялар айналысының басталған күні;

2) облигациялар айналысының аяқталған күні;

3) облигациялардың айналыс мерзімі;

4) онда облигациялар айналысы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні;

2) облигацияларды өтеу тәсілі;

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, ондай құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, шарттары;

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі.

### 4-тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болса

12. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі;

3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі.

### 5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау шарттары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-10-тармағында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органының шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді.

### 6-тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

3) кепіл затын өндіріп алуға өтініш беру тәртібі.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде – концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

### 7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;

2) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

### 8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

19. Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) акционерлік қоғам сатып алғандарды қоспағанда) он және одан да көп пайызын иеленетін құрылтайшылары немесе ірі акционерлері (қатысушылар) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін);

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);

3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

4) құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленеген күн.

### 9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

1) директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі төрағасының және мүшелерінің (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер;

3) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

4) эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

1) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттігін көрсете отырып оларды сайлау және олардың хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер;

3) эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:

1) басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауы

(Жалғасы. Басы 15-20-беттерде)

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):

әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);

егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі;

сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар;

бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

**11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер**

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайыз алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар;

2) эмитенттің берілген құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсетумен, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы

3) өзге құқықтар.

32. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, орындалмаған міндеттемелердің себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі;

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, тұлғаның толық атауы және заңды тұлғаның (ондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер – эмитенттің саласында бағалы қағаздар бойынша жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, саладағы неғұрлым маңызды, ықтимал өзгерістер (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке), келтіріледі.

Эмитенттің өз қызметінде қолданатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне (ішкі және сыртқы нарықта жеке) байланысты тәуекелдер және олардың эмитенттің қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері жеке сипатталады.

Эмитенттің өніміне және (немесе) көрсететін қызметтеріне бағаның ықтимал өзгеруіне (ішкі және сыртқы нарықта жеке) айланысты тәуекелдер және олардың эмитенттің қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері жеке сипатталады;

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валютасының айырбастау бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз ете алмауы (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржылық міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер жеке сипатталады.

Эмитенттің қаржылық есептілігінің қандай көрсеткіштері қаржылық тәуекелдердің ықпалының нәтижесінде өзгеріске ұшырау бейімділігі, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгеру сипаты көрсетіледі;

3) құқықтық тәуекел – мыналардың:

Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының;

эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптардың өзгеруі;

эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы;

қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілген құқықтық тұрғыдағы қателіктер (заң консультациясын қате алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан эмитентте шығындардың пайда болу тәуекелін сипаттайды:

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (беделдік тәуекел) – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде шығынға ұшырау тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады;

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқару) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал катерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының жоқтығын немесе толық көлемде қамсыздандырылмағанын көрсететін тәуекел;

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, соның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер:

эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналымда болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің жоқтығы;

эмитенттің үшінші тұлғалардың, соның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша мүмкін жауапкершіліктері;

айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кемінде 10 пайызы келетін тұтынушыдан айырылу ықтималдығы;

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қолжетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қауіпін сипаттайды;

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жасаған ішкі процестерді жүзеге асырудағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (зияндар) тәуекелін сипаттайды.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер, эмитенттің бұл ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі атап көрсетіледі;

2) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, бұл жағдай атап көрсетіледі және мұндай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері;

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан да көп пайызын иеленетін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 35-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері;

эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі, ал сондай ұйым акционерлік қоғам болған жағдайда - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

1) эмитентке және (немесе) эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг (рейтингтер) берілген жағдайда эмитентке белгілі әрбір кредиттік рейтингтер бойынша соңғы аяқталған үш есепті жыл үшін, ал егер эмитент өз қызметін кемінде 3 (үш) жыл жүзеге асырған болса – әрбір аяқталған есепті жыл үшін:

кредиттік рейтингті беру нысаны (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары);

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні;

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы аяқталған есепті 3 (үш) жыл үшін, ал егер эмитент өз қызметін кемінде 3 (үш) жыл жүзеге асырған болса, кредиттік рейтингтің мәнін және кредиттік рейтингтің мәні берілген (өзгерген) күнін көрсете отырып, уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы әрбір аяқталған есепті жыл үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы;

кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі;

2) эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі.

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;

2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі және «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары:

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін – толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан да көп пайызын иеленетін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін – толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесіне тараптардың үлестес болуы туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде проспектінің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44-тармақтары толтырылмайды.

46. Тұрақтандыру банкі проспектінің 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарын толтырмайды.

*«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу»мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша*

**Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісінің құрылымы**

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының резидент-эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы).

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні;

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі;

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша жеке), оның ішінде:

облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні;

облигациялардың түрі және саны;

шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі;

орналастырылған облигациялар шығарылымының саны;

облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі; осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы;

сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны; эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы;

облигациялар шығарылымының орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі;

облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда;

ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі;

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

3) облигациялардың саны;

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі;

5) облигациялардың номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні;

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн;

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері;

2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иесінің ауысқаны туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі;

3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі қосымша көрсетіледі.

7. Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) оригинатордың, кастодиан банкінің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер алымын жүзеге асыратын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

2) секьюритизация мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары, тәртібі мен мерзімдері, және олардың орындалуына бақылау жүргізу тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюритизация мәмілесі бойынша қызмет төленіне байланысты шығыстар, және арнайы қаржы компаниясына осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқық беретін талаптар;

6) оригинатордың және секьюритизация мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;

7) секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;

8) талап ету құқықтары біртектілігінің белгісі;

9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі қосымша көрсетіледі.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды орналастыру басталған күн;

2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн;

3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы).

9. Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі:

1) облигациялар айналысы басталған күн;

2) облигациялар айналысы аяқталған күн;

3) айналыс мерзімі;

4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы).

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні;

2) облигацияларды өтеу тәсілі;

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі.

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары;

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері көрсетіледі.

12. Егер Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) қабылдаған жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

2) эмитенттің ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі;

3) облигацияларды ұстаушылардың ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі көрсетіледі.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осы акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде облигациялар шығарылымы күшінің жойылатындығы көрсетіледі, ал егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталмайтын болса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигацияларының бұдан әрі орналастырылмай, айналыс мерзімінің соңында өтелетіндігі көрсетіледі).

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау талаптарын көрсетеді.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер: 1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе);

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;

2) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықты алу құқығы;

2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқығы;

3) өзге құқықтар.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттемелер тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, орындалмаған міндеттемелердің себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі;

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың (ондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні.

21. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы; 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректері;

3) төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері; 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Егер, эмитенттің пікірі бой

(Жалғасы. Басы 15-21-беттерде)

осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.

9. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, шарттары; 2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі.

**4-тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болса**

10. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда мыналар көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің іс-әрекет ету тәртібі;

3) ковенанттар бұзылған кезде облигациялар ұстаушылардың іс-әрекет ету тәртібі.

**5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау шарттары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)**

11. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

**6-тарау. Облигациялары шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)**

12. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

13. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

**7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты**

14. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;

15. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент бұрын орналастырылған (Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

**8-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер**

16. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) акционерлік қоғам сатып алғандарды қоспағанда) он немесе одан астам пайызына ие құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін);

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);

3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

4) Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан астам пайызына ие бола бастаған күні.

**9-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің басқару органы және атқару органы туралы мәліметтер**

17. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің органдары Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент органдарының құрылымы мен құрамы және олардың Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент мемлекетінің заңнамасына, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің құрылтай және басқа ішкі құжаттарына сәйкес құзыреті көрсетіледі.

**10-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері**

18. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент қызметінің түрлері:

1) негізгі қызмет түрі;

2) науқандық сипаттағы қызметінің түрлерін және олардың Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы;

3) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

4) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне жағымды немесе жағымсыз әсер ететін факторлар;

5) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент демеуші болатын зерттеу әзірлемелеріне шығындар туралы ақпарат;

6) Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өткізілетін өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі;

7) Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан көп пайыз көлемінде ақшалай және де міндеттемелерді өндіріп алу, оның Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту тәуекеліне байланысты сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер;

8) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің қызметіне әсер тиетін тәуекелдің басқа факторлары.

19. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өздері өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын көлемде тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

20. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің активтері.

21. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент алдындағы берешегі Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент дебиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

22. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің кредиторлық берешегі:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент кредиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

23. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің қызметінен оның аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылында алынған ақша қаражатының таза ағыны. 24. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін (өтелген және күші жойылған облигация шығарылымдарынан басқа) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің барлық тіркелген борыштық бағалы қағаздарының шығарылымдары туралы мәліметтер:

әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және номиналды құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осылардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттің бағалы қағаздары ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);

қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздардың орналастырылуы немесе айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің бағалы қағаздары айналыстағы нарықтары, оның ішінде сауда-саттық ұйымдастырушыларының атаулары;

ұстаушылардың айналысындағы бұрын шығарылған облигациялардың әр түрімен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу – сату шарттарымен қарастырылған құқықтары.

25. Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент инвесторлар үшін маңызды деп есептейтін Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің қызметі туралы басқа да ақпарат.

**11-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер**

26. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықты алу құқықтары;

2) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигацияларды, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде осы құқықты жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары; 3) өзге құқықтар.

27. Туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

2) облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар ұстаушылардың облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін қоса, оның ішінде міндеттемені қайта құрылымдау тәртібі және талаптары;

3) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының назарына орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін іс-әрекеттерінің тізбегі, облигацияларды ұстаушылардың Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметі бар дефолт фактісі туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі мен әдісі;

4) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (сондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

28. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

29. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің орналастыратын облигацияларды сатып алуға байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер – Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің саласындағы оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына нашарлауы мүмкін жағдайының әсері сипатталады. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды өзгерістер (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) келтіріледі.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің өз қызметінде пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсер бөлек сипатталады.

Эмитеттің өніміне және (немесе) қызметтеріне бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсер бөлек сипатталады;

2) қаржы тәуекелдері – Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге, шетел валюталарын айырбастау бағамдарына, пайыздық мөлшерлемелердегі қолайсыз өзгерістерге, шетел валюталарын айырбастау бағамдарына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге шалдыққыштығы сипатталады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент активтерінің және қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіз болуы нәтижесінде туындайтын Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің міндеттемелерін толық көлемде орындауын қамтамасыз ете алмауы (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бір немесе бірнеше контагентінің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін тез арада және біржолғы орындауда көзделмеген қажеттіліктің туындауы салдарынан Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентте шығынның туындауымен байланысты тәуекелдер жеке сипатталады.

Қаржы тәуекелдерінің әсері нәтижесінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қаржылық есептілік көрсеткіштерінің қайсысы өзгеріске аса шалдыққыш екені, олардың пайда болу ықтималдығы және есептілікте өзгеру сипаты көрсетіледі;

3) құқықтық тәуекел – Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің мыналардың өзгеруі салдарынан:

Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасы Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау талаптары;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы;

қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды;

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (беделдік тәуекел) – Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады;

5) стратегиялық тәуекел – Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал катерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінуі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленуі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, кадрлық) және ұйымдастыру шараларының (басқарушылық шешімдердің) жоқтығы немесе толық көлемде қамсыздандырылмағаны нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады;

6) Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызмет түріне байланысты тәуекелдер сипатталады, соның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер:

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің жоқтығы;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің үшінші тұлғалардың, соның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша мүмкін жауапкершіліктері;

айналымына Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 (он) пайызы келетін тұтынушыдан айырылу ықтималдығы;

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды;

8) операциялық тәуекел – Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қызметкерлері жасаған ішкі процестерді жүзеге асырудағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

30. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бұл ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі атап көрсетіледі;

2) егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер мүшелерінен аса тәуелді болса, мұндай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

31. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары бар болса, осындай әр заңды тұлға бойынша келесі ақпарат беріледі:

1) толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

2) заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негізі;

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі, - сонымен қатар, сондай акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

32. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына (ұйымның қатысу үлесіне) иелік ететін ұйымдар туралы мәлімет, әр ұйым бойынша мыналарды көрсете отырып:

толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі, ал сондай қоғам акционерлік қоғам болған жағдайда, - сонымен қатар, сондай акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

33. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің кредиттік рейтингі туралы мәліметтер:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтингті (рейтингтерді) берген жағдайда аяқталған соңғы есепті 3 (үш) жылда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентке белгілі әр кредиттік рейтинг бойынша, ал егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент өз қызметін 3 (үш) жылдан аз уақыт жүзеге асырған болса – әр аяқталған есепті жыл үшін, мыналар:

кредиттік рейтингті беру объектісі (Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздары);

облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымын тіркеуге уәкілетті органға құжаттар тапсыратын күннің алдындағы күнгі кредиттік рейтингтің мәні;

кредиттік рейтингтің мәні мен кредиттік рейтингтің мәні берілген (өзгерген) күнді көрсете отырып, облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымын тіркеуге уәкілетті органға құжаттар тапсыратын күннің алдындағы аяқталған соңғы есепті 3 (үш) жылда, ал егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент өз қызметін 3 (үш) жылдан аз уақыт жүзеге асырған болса – облигациялар (облигациялық бағдарлама) шығарылымын тіркеуге уәкілетті органға құжаттар тапсыратын күннің алдындағы әр аяқталған есепті жыл үшін кредиттік рейтинг мәнінің өзгеру тарихы;

кредиттік рейтингті берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің жеке қарауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі; 2) кредиттік рейтинг берілген объект болып Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздары табылған жағдайда, қосымша халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) мен оның берілген күні, сондай-ақ кредиттік рейтингті берген рейтингтік агенттіктің атауы көрсетіледі.

34. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда):

1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы; 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) облигацияларды ұстаушылар өкілімен Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

35. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің төлем агенті (бар болса) туралы мәліметтер:

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың номиналды құны) төлемін жүзеге асыратын барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондары, деректемелері;

3) төлем агентімен Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

36. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөнінде шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

2) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің өзге де консультанттары туралы мәліметтер, егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, осы тармақта көрсетіледі.

37. Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) аяқталған соңғы 2 (екі) қаржы жылында Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің қаржылық есебінің аудитін олардың тиісінше тіркелген кәсіптік ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

38. Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - эмитенттің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына жанама дауыс беру немесе шартқа орай не өзге түрде Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қабылдайтын шешімге ықпал ету мүмкіндігі бар барлық тұлғалар немесе тұлғалар тобы туралы мәліметтер, көрсетілген тұлғалар туралы мынадай ақпаратты жариялаумен:

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), орналасқан жері (жеке тұлға үшін); бірінші басшының толық атауы, орналасқан жері, қызмет түрі (түрлері), тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (заңды тұлға үшін);

қосымшаның осы тармағына сәйкес оларды Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызу негіздемесі мен Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитентпен үлестес болып бастаған күні көрсетіледі.

39. Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

40. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 26, 27, 28, 34, 35, 36 және 39-тармақтар толтырылмайды.

*«Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша*

**Айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығарылымының проспектісінің құрылымы**

1. Эмитенттің құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат: 1) эмитентті бастапқы мемлекеттік тіркеу күні;

2) эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (егер қайта тіркеу жүзеге асырылған болса);

3) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (егер бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы;

4) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

5) ISO 17442 халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды «Financial services – Legal Entity Identifier» (LEI) (бар болса).

2. Байланыс телефондарының, факсының нөмірлерін және электрондық пошта адрестерін, сондай-ақ, егер эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген мекенжайдан өзгеше болса, эмитенттің нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің орналасқан жері.

3. Эмитент қызметінің негізгі түрі.

4. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы не облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды берген жағдайда соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша жеке қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес меншікті капитал мөлшері.

5. Мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы не облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар беру алдындағы соңғы тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін ұсынылған жағдайда мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша жеке қаржылық есептіліктің мәлметтеріне сәйкес жарғылық капитал мөлшері.

6. Эмитенттің халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) мен қосылған күні көрсетілген, қор биржасының ресми тізіміне қосылған айналымдағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары туралы мәліметтер.

7. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарға эмитенттің атынан қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

8. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі;

2) облигациялардың саны;

3) номиналды құнын сипаттайтын валюта көрсетілген бір облигацияның номиналды құны;

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі;

5) облигациялар айналысы басталған күн (бар болса);

6) болжалды өтеу күні;

7) облигацияларды қамтамасыз ету (қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған жағдайда);

8) облигациялардың айналыс мерзімі;

9) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі;

10) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімдері.

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 7 ақпандағы №26 қаулысына 11-қосымша*

*«Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша*

**Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептің құрылымы**

1. Акцияларды орналастыру қорыт

(Жалғасы. Басы 15-22-беттерде)

есепті көрсету қажет). Қоғамның бағалы қағаздарын және өзге ақша міндеттемелерін қоғамды оңалту барысында қоғамның акцияларына айырбастау арқылы қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеген жағдайда соттың оңалту оңалту жоспарын бекіту туралы шешімінің күні қосымша көрсетіледі. Қоғамның бағалы қағаздарын және өзге ақша міндеттемелерін төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау шеңберінде банктің акцияларына айырбастау арқылы банктің орналастырылатын акцияларына ақы төлеген жағдайда төлем жасауға қабілетсіз банктердің санатына жатқызылған банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау туралы уәкілетті орган шешімінің күні қосымша көрсетіледі;

дивидендтермен (акционерлердің жалпы жиналысының дивидендтерді бөлу туралы шешімінің күні және акцияларға ақыны растайтын құжаттардың деректемелері көрсетілсін).

Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының қайта ұйымдастыру туралы шешімінің күні, беру актісінің күні (банктерді қосу нысанында ерікті қайта ұйымдастырған кезде қолданылмайды) көрсетіледі. Қоғам қосу арқылы қайта ұйымдастырылған жағдайда, қосылатын қоғамның акцияларын сату бағасы, қайта ұйымдастырылатын банктердің акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында бекітілген акциялармен алмасу коэффициенті көрсетілетін, банкті басқа банкке қосу нысанында банктер ерікті қайта ұйымдастырылған жағдайды қоспағанда қосу жүзеге асырылатын қоғамның акцияларын орналастыру (сату) бағасы қосымша көрсетіледі;

10) қоғамның акцияларын орналастыру кезінде қоғам опцион шартын жасаған жағдайда, опцион құны, опцион шарты жасалған қоғам акцияларының саны, опционды орындау бағасы;

11) қоғамның акцияларын шығару андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдар) туралы ақпарат (бұл тармақ андеррайтер қызметін көрсетуге шарт болған жағдайда толтырылады):

бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атауы, қоғам, сондай-ақ эмиссиялық консорциум қатысушылары жасаған андеррайтер қызметін көрсету шартының күні және нөмірі;

андеррайтердің акцияларды орналастыру тәсілі;

андеррайтер есепті кезеңде орналастырған акциялардың саны.

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 7 ақпандағы №26 қаулысына 12-қосымша*

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі №71 қаулысына 24-қосымша*

**«Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

лицензия берген кезде – 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу және бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқасын беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

